



Кызылордада туберкулезбен ауыратын адамдар саны азайып келеді. Бұл туралы облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері Әбдігабит Әблөзімұлы БАК оқилдерімен откізілген баспасоз турында мәлімдеді.

- Облысымызда туберкулезге қарсы бағдарламаның бақылауы жүргізілуі нәтижесінде туберкулезбен аурушандық корсеткіші жыл сайын томендеуде. 2017 жылы 460 наукас бұл аурумен алғаш рет ауырып тіркелсе, 2018 жылы 422 наукас тіркелген, соған сәйкес аурушандық корсеткіші 100 мың тұргынға шаққанда 59,2-ден 53,6-ға томендеді. Балалар арасында 14,2-ден 8-ге, ал жасоспірімдер арасында 83,8-ден 76-ға кеміді. Олім-жітімділік те азайды, - деді Ә.Әблөзім.

Бұрындары жазылмас ауру корінгенімен, бүгінгідей медицинаның дамыған заманында «күрт ауруына» қарсы күресіп, женуге болатынын қозіміз қоріп келеді. Мамандардың айтуынша, туберкулезге шалдыққан жағдайда қобіне оқпеге зиян келеді. Ал лимфалық түйіндер, сүйек пен буын, кенірдек тарамы, бүйрек, ішек, ми, қоз сияқты озге де ағзалардың зардап шегуі сирек кездесетін жайт. Аурудың жүгу жолдарын тілге тиек еткенде мына манызды ақпараттарды есте сақтаған жөн. Туберкулез киім, кітап,

ыдыс-аяк, жиһаз және басқа да дүниелер мен заттар арқылы жұкпайды. Инфекцияның негізгі таратушысы – сойлегенде, түшкіргенде және жотелген кезде айналасына туберкулез микобактерияларын шығаратын оқпе туберкулезінің ашық түріне шалдыққан наука адам. Тыныс алғанда тамшылар іспетті (аэрозольдер) ТМБ адам оқпесіне енеді, сондықтан мұндай шалдыгу жолы жұртшылыққа ауа жолымен шалдыгу деген атпен таныс. Егер сіздің иммунитетіңіз мықты болса, ағзаға түскен микобактериялар дерт тудырмайды, бұл – тек ағзаның жұқтыру кезені. Ауа – жалпыға ортақ. Дәл осы себепті де туберкулез микобактерияларын жұқтырып алудан ешкім сақтандырылмаған. Индеттің оршуі немесе жетілуінің негізгі факторларына иммунитеттің нашарлауы жатады. Ал иммунитеттің әлсіреуіне АИТВ, кант диабеті, жаман әдеттер (шылым тарту, ішімдік), нашаркорлық, жиі күйзеліске түсу, дүрыс, жүйелі тамақтанбау себеп болады. Десе де «сақтансан, сақтайды», әр адам өз денсаулығына жауапкершілікпен қарайтын болса, көптеген аурулардың алдын алу мүмкіндігіне ие болар еді.

Облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансерінің бас дәрігері Әбдігабит Әбләзімұлының мәліметіне сүйенсек, былтыр туберкулезге күдікті 3605 наука молекулярлық-генетикалық әдіспен Джейн-эксперт әдісімен тексеріліп, соның 443-інен туберкулез анықталған. 2019-2020 жылдарда аталмыш дертке күдікті наукастарды молекулярлық-генетикалық әдіспен қамтуды 100 пайызға жеткізу қозделіп отыр екен. Ал Джейн-эксперт аппаратының қортриджі Жаһандық қордан және жергілікті бюджеттен қаржыландырылуда. ҚР Үкіметінің қаулысына сәйкес Сыр өңірінде туберкулезді біріккен (интеграцияланған) бақылау стратегиясы толығымен жүзеге асырылған. Вертикальді интеграция арқылы облыста туберкулезге қарсы қызмет бір заңды түлғамен басқарылуы қажет, сондықтан аудандардағы стационарлық бөлімдер Арал, Қазалы, Шиелі, Жаһақорған аудандарында жабылып, Қармақшы, Сырдария аудандарының стационарлық бөлімдері облыстық туберкулезге қарсы диспансеріне қосылған.

Туберкулезге шалдыққан адамдар арасында емнен жалтарғандар да бар. Қуанышымызға орай, 2014 жылдан басталған психоәлеуметтік көмектің нәтижесінде емнен жалтарған наукастар саны 39-дан 16-ға азайған. 2017 жылы 1490 наука, былтыр 1507 наука әлеуметтік көмек алған. Сырқаттанған әрбір адамға ай сайын берілетін қаржылай көмек 24 050 теңгені құрайды, яғни 10 айлық есептік қорсеткіш көлемінде.

Айта кету керек, Қызылорда қаласында амбулаториялық ем алып жатқан туберкулез бактериясын болмейтін немесе дәрігердің тәуліктік бақылауын қажет етпейтін стационарлық ем алуға мүмкіндігі жоқ босануға дейінгі және босанғаннан кейінгі кезеңдегі әйелдер, мектеп жасына дейінгі балалары бар әйелдер, мүмкіндігі шектеулі наукастарға 2 мобильді топ ұйымдастырылған. Аталмыш топ қажетті дәрілерді сырқаттанған кісілердің үйіне жеткізіп берумен айналысады. Сондай-ақ, өз үйінде ем алуға да жағдай жасалған. Откен жылы үй жағдайында 26 наука ем қабылдапты.

Ж.КОЙШЫБЕКОВА